

07-05

**Ата-аналармен жұмыс жоспары. Ата-аналар
жиналысының хаттамалары**



Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай бақшасы МКҚК
«Балапан» кіші жас тобының ата - аналар жиналысының хаттамасы

Хаттамасы №1

Сызған ауылы

13.09.2024 жыл

Күн тәртібі:

«Балабақшадағы күн тәртібі» тақырыбында балабақшадағы ата аналармен жиналыс.

1. Жаңадан келген ата - аналарды 2024 -2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттерімен таныстыру.
- 2 “Баланың балабақшаға бейінделуі” Баяндама “Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы” (Р. Ходжакулова)
- 3 2024 - 2025 оқу жылына арналған ата - аналар комитеттінің құру.
- 4 .Ас мәзірі туралы әңгімелесу. (Медбике)

5

Тындалды:П. Бидаулетова - тәрбиеші

«Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі П.Бидаулетова ата - аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

2024-2025 жылға арналған “ Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары белгіленген.

Бағдарламаның мақсаты: Қазақстан мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері; Рухани -адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу. Отанға , өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату: отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу -білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хатын таныстырды.

Сондай-ақ, балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды.

Биылғы оқу бағдарламасында барлық іс-әрекеттер режимдік сәттер арқылы жүзеге асатыны,білім беру дағдылары ойын түрінде барысынла өткізілетініні жайлы атап өтті.

Тындалды: Р. Ходжакулова- тәрбиеші

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Р. Ходжакулова сөз алды.

Ата-аналарды жаңа оқу-жылымен құттықтады.

“Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы” Баяндама оқыды.

Бала тәрбиесі -бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін, осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керектігін айтты.

Тыңдалды; П. Бидаулетова - тәрбиеші

Келесі мәселе бойынша тәрбиеші П. Бидаулетова ата-аналар құрамын сайлап алуға ұсыныс тастады.

Тыңдалды; Н Омарбекова ата-ана

“Балапан” кіші жас тобының ата-анасы Нұргүл Омарбекова сөз алды. Балабақша ұжымына және ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап толағац табыс тіледі. Мен осы балабақшаға төртінші ұлымды алып келдім. Тәрбиеші апайларымен көмекші апайларына көп рахмет. Үлкен ұлым апайларын мақтап отырады. Осы балабақшадан тамақтану және гигиенелық талаптарлы, әжетханаға баруды үйренді. Сондықтан балабақшадағы апайларына алғысым шексіз. Менің ұсынысым бойынша Айнұр апайды ата-аналар төрайымы етіп сайласақ- деп өз ойын айтты.

Тыңдалды; Жарасбаева Динара ата-ана

Ата-ана Динара Жарасбаева сөз кезегін алып, биылғы оқу жылымен құттықтап тәрбиеші апайларына алғысын білдірді. Ол өз сөзінде Ниязбекова Айнұрды төрайымы, ал Дүйсенбаева Жұлдыз, Аншибаева Лаззатты, мүшелері етіп сайлауға ұсыныс тастады. Барлық ата-аналар ақылдаса келе, бұл ұсынысты қолдап қуаттады.

Тыңдалды; М. Базарбаева - мейірбике.

Төртінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі М. Базарбаева сөз алды. Күнделікті ас мәзірі туралы айтты. Баланы таңертен 9:00 дейін кешіктірмей алып келуге балабақшаның күн тәртібіне көңіл бөлу керегін және баланың жеке бас гигиенасына мән беру қажеттігін айтып өтті. Келісім шартта көрсетілгендей баланың балабақшаға төленетін төлемақысын әр айдың 25-жұлдызына дейін кешіктірмей төлеу қажеттігін айта кетті.

Жиналыстың шешімі:

1. Жаңадан келген ата-аналарды 2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндерімен таныстырылсын.
2. “Баланың балабақшаға бейінделуі.” Баяндама. “отбасы тәрбиесінің маңыздылығы” Р. Ходжакулова таныстырылсын.
3. “Балдәурен” бала-бақшасының 2024-2025 оқу жылының “Балапан” кіші жас тобына ата-аналар комитеті төмендегіндей болып сайлансын. Ата-аналар комитетінің төрайымы; Ниязбекова. А, Ата-аналар комитетінің мүшесі Дүйсенбаева Ж, Ата-аналар комитетінің мүшесі Аншибаева Л
4. Ас мәзірі туралы әңгімелесу медбике М, Базарбаеваның әңгімесі қанағаттандырылды.

Төрайымы:  Бидаулетова П
Хатшы;  Ходжакулова Р